

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы акционерлерінің
жылдық жалпы жиналысының**

ХАТТАМАСЫ

010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қонаев көшесі 7. Рикос Президент Отель Астана, «D-hall» залы мекен-жайы бойынша 2014 жылы 13 мамырда 10 сағат 00 минута өткізілді.

Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы) Нұрсейітов Абат Ақмұқанұлы Жиналыстың ашылғаны туралы жариялады және Қоғамның есеп комиссиясының төрағасы Райымбеков Ерден Ғалымұлына сөз берді.

Есеп комиссиясының төрағасы 2014 жылдың 14 сәуірінегі жағдай бойынша «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ ұсынған Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес Қоғам орналастырған акциялардың жалпы саны 74 357 042 дананы, оның ішінде басымдықты акциялар - 4 136 107 дананы, қарапайым акциялар - 70 220 935 дананы кұрайтындығын хабарлады.

Жиналысты ірі акционер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілетті өкілінің, қарапайым акцияларды номиналды ұстаушы өкілінің және Қоғамның дауыс беруші акцияларына иелік ететін акционерлердің қатысып отырғаны тіркелді.

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) 45 бабының 1-тармағының негізінде акционерлердің жалпы жиналысы, егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған сәтке акционерлер немесе оған қатысуға және онда дауыс беруге құқы бар жиынтығында Қоғамның дауыс беруші акцияларының елу және одан көп пайызына иелік етуші, акционерлердің тізіміне енгізілген олардың өкілдері тіркелсе, күн тәртібінің мәселелерін қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Жиналыста Жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқы бар және Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан 86%-ға иелік ететін 2 акционердің қатысуы тіркелді:

1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дан «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компания» акционерлік қоғамының өндіруші активтер департаменті директорының орынбасары, 43 087 006 қарапайым акциялардың иесі Тебериков Дамир Данилбекұлы (2014 жылғы 4 ақпандағы № 3-17 сенімхат бойынша);

2. 13 928 050 қарапайым акциялардың номиналдық ұстаушысы Deutsche Bank Trust Company Americas-тан («ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ депозитарлық банкі), Зарина Аңдағұлова (2014 жылғы 1 мамырдағы сенімхат бойынша);

3. 28 қарапайым акцияның иесі Батырбаев Махамбет Демешұлы;

4. 1 акцияның иесі Салғара Ерден Рахметоллаұлы.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу және оның күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

А.А. Нұрсейітов Қоғам Жиналысының төрағасы етіп - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқармасы төрағасының Корпоративтік орталық бойынша орынбасары Берлібаев Данияр Әмірбайұлын сайлауды ұсынды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 035 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 43 087 035 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Берлібаев Данияр Әмірбайұлы Қоғам Жиналысының төрағасы болып сайлансын.

А.А. Нұрсейітов Қоғам Жарғысының 10.39-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғам Жиналысының хатшысы болып табылатындығын хабарлады. Осыған байланысты Қоғам Жиналысының хатшысы етіп – Қоғамның корпоративтік хатшысы Жексенбиев Айдар Нұрланұлын сайлау ұсынылды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 43 087 035 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 43 087 006 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Жексенбиев Айдар Нұрланұлы Қоғам Жиналысының хатшысы болып сайлансын.

Одан кейін Жиналыстың төрағасы Қоғамның жиналысында дауыс берудің тәртібі мен нысанын акционерлердің назарына жеткізді. Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша дауыс беру нысанын ашық тәсілмен белгілеу ұсынылды.

Аталған мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 3 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 3 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

Қоғам Жиналысы күн тәртібінің мәселесі бойынша ашық тәсілмен дауыс беру нысаны белгіленсін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.Ә. Берлібаев Жиналыстың регламентін белгілеу мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Хатшысы А.Н. Жексенбиевке сөз берді. А.Н. Жексенбиев күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есептеу комиссиясына жеті минутқа дейін уақыт беруді ұсынды.

Аталған мәселе бойынша басқадай ұсыныс түспегендіктен мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқан дауыстардың жалпы саны – 3 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 3 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс жоқ;
- «Қалыс» - дауыс жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

Қоғам Жиналысының мынадай регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша сөйлеушілерге он минутқа дейін, жарыссөздерде сөйлеушілерге бес минутқа дейін, дауыстарды санау жөніндегі есептеу комиссиясына жеті минутқа дейін.

Қоғам Жиналысының төрағасы Д.Ә. Берлібаев күн тәртібінің мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Хатшысы А.Н. Жексенбиевке сөз берді. А.Н. Жексенбиев 2014 жылғы 18 наурызында сәуірде Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылданғандығын. Жиналысты шақыру туралы ақпараттық хабарлама 2014 жылдың 29 наурызында "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланғандығын хабарлады. Күн тәртібіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы ұсыныс түскен жоқ.

Осылайша, мынадай күн тәртібін бекіту ұсынылады:

1. 2013 жылғы жылдық топтастырылған қаржылық есепті бекіту;
2. Қоғамның таза кірісін бөлудің тәртібі мен 2013 жылдың қортындылары бойынша Қоғамның бір қарапайым және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденттің мөлшерін бөлудің тәртібін бекіту;
3. Қоғамның 2013 жылғы жылдық есебін бекіту;
4. Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекетіне арыздары және оларды 2013 жылы қараудың қортындылары туралы мәселені қарау;
5. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің 2013 жылғы сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат;
6. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының 2013 жылғы жұмысы туралы есепті бекіту;
7. Аудиторлық ұйымды белгілеу туралы.

Аталған мәселе бойынша басқадай ұсыныстар түспегендіктен мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 43 087 035 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 43 087 035 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Жиналыстың мынадай күн тәртібі бекітілсін:

1. 2013 жылғы жылдық топтастырылған қаржылық есепті бекіту;
2. Қоғамның таза кірісін бөлудің тәртібі мен 2013 жылдың қортындылары бойынша Қоғамның бір қарапайым және бір артықшылықты акциясына шаққандағы дивиденттің мөлшерін бөлудің тәртібін бекіту;
3. Қоғамның 2013 жылғы жылдық есебін бекіту;
4. Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды адамдарының іс-әрекетіне арыздары және оларды 2013 жылы қараудың қортындылары туралы мәселені қарау;
5. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің 2013 жылғы сыйақысының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат;

6. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының 2013 жылғы жұмысы туралы есепті бекіту;

7. Аудиторлық ұйымды белгілеу туралы.

Күн тәртібінің **бірінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Ә. Берлібаев Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Бенджамин Фрейзерге сөз берді. Б. Фрейзер Қоғам Жарғысының 11.1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататындығын мәлімдеді. KASE мен London Stock Exchange листингтік талаптарына орай «Эрнст энд Янг» ЖШС тәуелсіз аудиторлары Қоғамның 2013 жылға Қоғамның топтастырылған қаржылық есебінің аудитін жүргізді. Аудит жөніндегі комитет (бұдан әрі – комитет) туралы ережеге сәйкес аталған қаржылық есептілікті комитет 2014 жылдың 18 ақпанында қарады.

Қоғамның 2013 жылғы қызметінің қортындылары бойынша Қаржылық есептіліктің негізгі көрсеткіштері мыналарды құрады:

- кірістер – 816 712 миллион теңге;
- қауымдастырылған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес – 50 866 миллион теңге;
- өндірістік шығыстар – 162 035 миллион теңге;
- табыс салығын қоспағанда, салықтар – 311 688 миллион теңге;
- негізгі құралдардың құнсыздануы – 60 099 миллион теңге (құнсыздануға арналған тестнің нәтижесінде Өзенмұнайгаз АҚ-ға есептелген 56 275 миллионды қоса есептегенде);
- тозу, ескіру және амортизация – 47 144 миллион теңге;
- іске асыру жөніндегі шығыстар мен әкімшілік шығыстар – 92 360 миллион теңге;
- барлауға арналған шығыстар – 13 125 миллион теңге;
- негізгі құралдардың істен шығуынан келтірілген зиян – 4 475 миллион теңге;
- қаржылық шығыстарды шегеріп тастағандағы қаржылық кірістер – 12 492 миллион теңге;
- бағамдық айырмашылық бойынша кірістер – 11 216 миллион теңге;
- салық салынғанға дейінгі пайда – 200 360 миллион теңге;
- таза пайда – 140 829 миллион теңге.

Қоғамның жылдық топтастырылған қаржылық есебін www.kmger.kz бойынша Қоғамның корпоративтік веб-сайтынан алуға болады, сондай-ақ акционерлердің сұратуы бойынша ұсынылады.

2013 жылғы жылдық топтастырылған қаржылық есептілікті бекіту туралы мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 57 015 085 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 57 015 085 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

Қоғамның 2013 жылғы жылдық топтастырылған қаржылық есебі бекітілсін.

Күн тәртібінің **екінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Ә. Берлібаев Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасарының міндетін

атқарушы Б. Фрейзерге сөз берді. Ол Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының (бұдан әрі – АҚ туралы Заң) 44 бабының 3-тармағының 3) тармақшасына, сондай-ақ Қоғам Жарғысының 10.28-тармағының 3) тармақшасына сәйкес акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар Директорлар кеңесінің Қоғамның аяқталған жылғы таза кірісін бөлудің тәртібі мен Қоғамның бір қарапайым және бір артықшылықты акциясына есептегендегі жыл дивидендінің мөлшері туралы ұсынысын қамтуы тиіс екенін хабарлады. Қоғам Жарғысының 8.1. тармағына сәйкес дивиденттер алуға құқы бар акционерлердің тізімін жасау датасы дивиденттер төлеу туралы шешім қабылданған датадан кейінгі 10 күнтізбелік күннен ерте белгіленбеуі тиіс. Дивиденттерді төлеуді бастау дивиденттер алуға құқы бар акционерлердің тізімін келісу датасынан кейінгі 30 күнтізбелік күннен ерте емес күнге белгіленеді.

2014 жылдың 18 наурызында өткен мәжілісте Қоғамның Директорлар кеңесі акционерлердің жылдық жалпы жиналысына Қоғамның таза кірісін бөлудің тәртібі мен 2013 жылдың қортындылары бойынша Қоғамның бір қарапайым және бір артықшылықты акциясына есептегендегі дивиденттің мөлшерін бекітуді ұсынды.

Жоғарыда айтылғандар мен Қоғам Директорлар кеңесінің ұсынысы ескеріле отырып, акционерлердің жылдық жалпы жиналысына Қоғамның 2013 жылғы таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі мен Қоғамның бір басымдықты және бір қарапайым акциясына есептегендегі 2013 жылғы дивиденттің мөлшерін бекіту ұсынылады.

1) Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегенде дивиденттің 2013 жылға мөлшері 1 976 теңге мөлшеріндегі соманы (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салықтың сомасын) құрайды;

2) Қоғамның бір артықшылықты акциясына есептегенде дивиденттің 2013 жылға мөлшері 1 976 теңге мөлшеріндегі соманы (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салықтың сомасын) құрайды;

3) Қоғамның есепті қаржы жылындағы 2012 жылдың қортындылары бойынша аудиттелген топтастырылған қаржылық есепке сәйкес 141 829 миллион теңге сомасындағы таза кірісі мынадай тұрғыда бөлінсін:

- бір қарапайым және бір артықшылықты акцияны дивиденттерді алуға құқы бар акционерлердің тізімін белгілеу датасына айналымдағы тиісті акциялардың санына есептегенде 2013 жылғы дивиденттің мөлшерін шығаруға тең болатын сома дивиденттерді төлеуге жұмсалсын;

- қалдығы Қоғамның қарауында қалсын.

4) дивиденттерді алуға құқы бар акционерлердің тізімін белгілеу датасы мен уақыты - 2014 жылдың 23 мамыры 23 сағат 59 минут;

5) дивиденттерді төлеуді бастау уақыты – 2014 жылдың 24 маусымы;

6) дивиденттерді төлеудің тәртібі мен нысаны – акционерлердің банктік шоттарына қолма қол емес аудару жолымен дивиденттер алуға құқы бар акционерлердің тізімі бойынша.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 57 015 085 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 57 015 085 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

1. Қоғамның (толық атауы: «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлің қоғамы; орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17; банктік деректемелері: БИН 040340001283, IBAN KZ656010111000022542, SWIFT HSBKZZKX, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, Астана аймақтық филиалы) 2013 жылғы таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі мен Қоғамның бір басымдықты және бір қарапайым акциясына есептегендегі 2013 жылғы дивидендтің мөлшері бекітілсін:

1) Қоғамның бір қарапайым акциясына есептегенде дивидендтің 2013 жылға мөлшері 1 976 теңгені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салықтың сомасын) құрайды;

2) Қоғамның бір артықшылықты акциясына есептегенде дивидендтің 2013 жылға мөлшері 1 976 теңгені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен төлеуге жататын салықтың сомасын) құрайды;

3) Қоғамның есепті қаржы жылындағы 2013 жылдың қортындылары бойынша аудиттелген топтастырылған қаржылық есепке сәйкес 141 829 миллион теңге сомасындағы таза кірісі мынадай тұрғыда бөлінсін:

- бір қарапайым және бір артықшылықты акцияны дивидендтерді алуға құқы бар акционерлердің тізімін белгілеу датасына айналымдағы тиісті акциялардың санына есептегенде 2013 жылғы дивидендтің мөлшерін шығаруға тең болатын сома дивидендтерді төлеуге жұмсалсын;

- қалдығы Қоғамның қарауында қалсын.

4) дивидендтерді алуға құқы бар акционерлердің тізімін белгілеу датасы мен уақыты - 2014 жылдың 25 мамыры 23 сағат 59 минут;

5) дивидендтерді төлеуді бастау уақыты – 2014 жылдың 24 маусымы;

6) дивидендтерді төлеудің тәртібі мен нысаны – акционерлердің банктік шоттарына қолма қол емес аудару жолымен дивидендтер алуға құқы бар акционерлердің тізімі бойынша.

2. Қоғамның Бас директоры (Басқарма Төрағасы) А.А. Нұрсейітов Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Ә. Берлібаев инвесторлармен байланыстар жөніндегі департаменттің директоры Әсел Пазылқызы Қалиеваға сөз берді. Ә.П. Қалиева Қоғам Жарғысының 10.29-тармағына және 12.2-тармағының 41) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Ұлыбритания Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландия Листингтік Агенттігінің (UKLA's Disclosure and Transparency Rules) Ашықтық және шынайылық жөніндегі ережесінің талаптарына сәйкес келу және Қоғамды Корпоративтік Басқару Кодексімен ұсынылған Қоғамның корпоративтік басқару стандарттарын сақтауы мақсатында Қоғамның жылдық есебін Қоғамның Басқармасы дайындайтындығын және оны Қоғамның Директорлар кеңесі мақұлдайтындығын әрі акционерлердің жалпы жиналысының қарауына ұсынатындығын хабарлады. Акционерлердің назарына Қоғамның 2013 жылғы жылдық есебі ұсынылды. Қоғамның 2013 жылғы жылдық есебі www.kmger.kz мекен-жайы бойынша корпоративтік веб-сайтта орналастырылды.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 57 015 085 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 57 015 085 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

Қоғамның 2013 жылғы жылдық есебі бекітілсін.

Күн тәртібінің **төртінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Ә. Берлібаев Қоғамның корпоративтік хатшысы А.Н. Жексенбиевке сөз берді. Ол Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 35 бабының 2-тармағы мен Қоғам Жарғысының 10.3-тармағына сәйкес акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне арыздары мен оларды қараудың нәтижелері туралы мәселе қаралатындығын хабарлады. 2013 жылы Қоғамның акционерлерінен Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыз түскен жоқ.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 57 015 085 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 57 015 085 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібінің **бесінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Ә. Берлібаев сөз сөйледі. Ол 2013 жылы Директорла кеңесінің мүшелерінен тек Қоғамның тәуелсіз директорлары ғана Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінің комитеттеріндегі жұмысқа қатысқаны үшін сыйақы алғанын хабарлады. Қоғамның тәуелсіз директорларына сыйақының жалпы сомасы салықтарды есептегенде 109 354 мың теңгені құрады, оның ішінде Эдвард Уолш – салықтарды есептегенде 47 418 мың теңге, Филип Дэйр – салықтарды есептегенде 52 365 мың теңге, Алистер Фергюсон - салықтарды есептегенде 9 570 мың теңге алды. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеудің мөлшерлері мен шарттары 2010 жылғы 25 мамырдағы акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен белгіленді. Сыйақы жылдық сыйақыдан, Директорлар кеңесінің тікелей қатысатын мәжілістеріне қатысқаны үшін сыйақыдан, Директорлар кеңесінің мәжілістеріне телефондық және бейнеконференц-байланыс бойынша қатысқаны үшін сыйақыдан, Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің мәжілістеріне қатысқаны үшін сыйақыдан, Қоғамның Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетінің, сыйақылар жөніндегі комитетінің және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің төрағасы міндетін атқарғаны үшін сыйақыдан тұрады.

Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сыйақы алмайды, бірақ мұндай тағайындаумен байланысты шығыстардың өтелуіне құқы бар.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 57 015 085 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 57 015 085 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібінің **алтыншы мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Ә. Берлібаев сөз сөйледі. Ол Қоғам тәуелсіз провайдермен (Ұлыбританияның Тәуелсіз директорлар ассоциациясымен және Директорлар институтымен) бірлесіп Қоғам Директорлар кеңесінің қызметіне сырттай баға беру жүргізгенін мәлімдеді. Директорлар кеңесінің мүшелері арасында сұрау салу мен олардан сұхбат алу жүргізілді. Олардың қортындылары бойынша есеп дайындалды және стратегиялық жоспарлау, тәуекелдерді басқару, Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастыру мәселелерін қоса алғанда Директорлар кеңесінің жұмысын жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жетілдіру жөніндегі бағыттар белгіленді. Директорлар кеңесінің жұмысын бизнес пен акционерлер үшін неғұрлым тиімді және пайдалы қылу үшін 2013 - 2014 жұмыстағы бағалардың қортындыларын ескеру жоспарлануда.

Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының жұмыс туралы егжей-тегжейлі ақпарат 2013 жылы Қоғамның 2013 жылғы жылдық есебінде ұсынылған. Қоғамның 2013 жылғы жылдық есебі www.kmgep.kz мекен-жайы бойынша корпоративтік веб-сайтта орналастырылған, сондай-ақ акционерлердің сұратуы бойынша беріледі.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 57 015 085 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 57 015 085 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - дауыс берілген жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

Ұсынылған ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібінің **жетінші мәселесі бойынша** Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Ә. Берлібаев Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Б. Фрейзерге сөз берді. Ол корпоративтік басқарудың дүниежүзілік үздік тәжірибесіне сәйкес сол немесе өзге компанияның аудиторын белгілеу компания акционерлерінің ерекше құқығына және құзыретіне жататындығын мәлімдеді. Аудиторды белгілеу және аудиторлық қызмет көрсетулерді сатып алу мақсатында Қоғам мынадай рәсімдерді жүргізді:

1) 2013 жылдың 28 қаңтарда Аудит жөніндегі комитет (бұдан әрі - Комитет) «Үлкен төрттіктің» үш компаниясымен («Эрнст энд Янг» ЖШС, PWC, KPMG) таныстырулық кездесулер өткізді. Қарау мен талқылаудың нәтижелері бойынша Комитет Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына «Эрнст энд Янг» ЖШС компаниясын 2014-2016 жылдарға Қоғамның сыртқы аудиторы ретінде белгілеуді ұсыну шешім қабылдады.

«Эрнст энд Янг» ЖШС компаниясы Қоғамға сапалы және уақытылы аудиторлық қызмет көрсету тәжірибесіне ие. Тәуелсіздікті сақтау мақсатында және Аудит жөніндегі Халықаралық Стандарттарға (ISA) сәйкес, «Эрнст энд Янг» ЖШС Қоғамның қаржылық есебінің аудитін жүргізуге жетекшілік ететін әріптесті ауыстыратынын да Комитет мүшелерінің сыртқы аудиторды белгілеу жөнінде ұсынымдар беруі кезінде назарға алды.

Оған қоса, 2013 жылғы мамырда «Эрнст энд Янг» ЖШС компаниясы 2013 – 2015 жылдар аралығына «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның аудиторы болып белгіленген. Аудит жөніндегі Халықаралық Стандарттарға (ISA 600) сәйкес, егер Қоғамға ҚМГ ҰК тобынан өзгеше аудитор белгіленсе, онда ҚМГ ҰК-ның аудиторы Қоғамға қатысты ISA 600-ге

сәйкес қажетті аудиторлық процедуралар жүргізуге міндетті. Бұл ҚМГ ҰК аудиторына төленетін сыйақы сомасының ұлғаюына және Қоғамның да, ҚМГ ҰК-ның да топтастырылған қаржылық есебі мерзімінің мүмкін ұзартылуына әкеп соқтыруы мүмкін.

2) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімді басқару құқығымен тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі тәртіпке сәйкес Қоғам Бас директорының бұйрығымен ҚМГ ҰК мен Қоғам өкілдерінің қатысуымен Қоғам үшін 2014 - 2016 жылдарға аудиторды таңдау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылды. Комиссия отырысының 2014 жылғы 4 наурыздағы № 1 хаттамасына сәйкес, Комиссия Комитет қабылдаған шешімге балама шешім қабылдады.

3) 2010 жылғы 21 қыркүйектегі Қоғам Жарғысының 12.2.12-тармағына сәйкес Комитеттің және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімді басқару құқығымен тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі тәртіпке сәйкес Комиссияның ұсынымдарын назарға ала отырып, Директорлар кеңесі «Эрнст энд Янг» ЖШС аудиторлық ұйымының 2014 – 2016 жылдарда қызмет көрсетулеріне ақы төлеудің мөлшерін ҚҚС есептеместен 307,345,000 (үш жүз жеті миллион үш жүз қырық бес мың) теңге етіп белгілеу туралы шешім қабылдады.

4) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы мен акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімді басқару құқығымен тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ұйымдардың сатып алу ережесінің 136-тармағына сәйкес, Тапсырысшы өзінің жарғысына сәйкес құзырына аудиторлық компанияны белгілеу жөнінде шешімдер қабылдау кіретін Тапсырысшының өкілетті органы шешімінің негізінде аудиторлық қызмет көрсетулерді бір көзден тәсілімен сатып алуды іске асыруға құқылы.

Қоғам Жарғысының 11.1.9-тармағына сәйкес, Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды белгілеу мәселесі акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатады. 2014 жылдың 18 наурызында Директорлар кеңесі Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына Қоғамның аудиторлық ұйымын белгілеу туралы мәселені шығару туралы шешім қабылдады.

Осылайша, Қоғамның 2014 – 2016 жылдарға сыртқы аудиторын белгілеу рәсімі үздік дүниежүзілік тәжірибеге сәйкес жүргізілуде, акциялары мен бағалы қағаздары LSE листингінен өткен компанияларға қойылатын LSE талаптарына, сондай-ақ жоғарыда аталған барлық талаптар мен рәсімдерге лайық.

Осылайша, Қоғам акционерлерінің қарауына «Эрнст энд Янг» ЖШС-ны 2014 - 2016 жылдардың 30 маусымдарындағы жағдай бойынша 6 айғы аралық қаржылық есебіне шолу жасау мен Қоғамның жылдық қаржылық есебінің және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ топтастыруы мақсатында тиісінше 2014 - 2016 жылдардың 31 желтоқсандарында аяқталатын жылдар үшін қаржылық есептілік пакетінің аудитін жүргізуді жүзеге асыратын Қоғамның аудиторлық ұйымы етіп белгілеу туралы шешім енгізіледі.

Мәселе дауыс беруге қойылды. Дауыс беруге қатысқа дауыстардың жалпы саны – 57 015 085 дауыс.

Дауыс берді:

- «Қолдап» - 56 779 843 дауыс;
- «Қарсы» - дауыс берілген жоқ;
- «Қалыс» - 235 242 дауыс.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды:

1. «Эрнст энд Янг» ЖШС Қоғамның 2014, 23015 және 2016 жылдардың 30 маусымына жағдай бойынша 6 айдағы Қоғамның аралық қаржылық есебіне, Қоғамның жылдық қаржылық есебі мен тиісінше 2014, 23015 және 2016 жылдардың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ға шоғырландыру мақсатына арналған қаржылық есептілік пакетіне шолу жасау жөніндегі аудиторлық ұйымы болып белгіленсін.

2. Бір көзден тәсілімен ҚҚС есептеле отырып 344 226 400 теңге сомаға Қоғамның 2014-2016 жылдардағы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде «Эрнст энд Янг» ЖШС-ның қызметін сатып алу жүзеге асырылсын.

3. Қоғамның қаржылық директоры – қаржылық бақылаушысы Б. Фрейзер «Эрнст энд Янг» ЖШС-мен шарттың ұсынылып отырған жобасы талаптарында шарт жасассын.

Күн тәртібінің барлық мәселелері бойынша шешім қабылданғаннан кейін Қоғам Жиналысының Төрағасы Д.Ә. Берлібаев акционерлерге Жиналысқа қатысқаны үшін алғыс айтты және Жиналысты жабық деп жариялады.

Қоғамның Жиналысы 11 сағат 15 минутта жабылды.

Акционерлердің жалпы
жиналысының төрағасы

Д. Берлібаев

Акционерлердің жалпы
жиналысының хатшысы

А. Жексенбиев

Санақ комиссиясының
мүшелері:

Е. Райымбеков

Ж. Әлімов

Ғ. Нұрғалиев

Қарапайым акциялардың
10%-нан астамына ие
акционерден

Д. Тебериков

Қарапайым акциялардың
10%-нан астамына ие
акционерден

З. Андағұлов